

КМҚК «Қызғалдақ» бөбекжай бақшасы

«Ана - асыл қазынам!»

атты

«Балдәурен» ересек тобының ертеңгілігі



Тәрбиешілері: Жумабаева З.
Саламатов Ж.

2024жыл

Мақсаты: Балаларды 8 наурыз Халықаралық мейрамы екенін ұғындыра отырып, аналарды ренжітпеуге, қол қанат болуға, әрқашан құрметтей білуге тәрбиелеу.

Ертеңгілік барысы

Зал іші мерекеге сай безендірілген. Ұл балалар қыздардың қолынан ұстап залға гүлмен музыка әуенімен кіреді.

Жүргізуші:

Сәлеметсіздер ме, құрметті аналар, қымбатты әжелер, әріптестер! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8-ші Наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осындай көркем мерекенің орны бөлек. Өйткені аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Ана – өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Олай болса, 8 наурыз мерекесіне орай «Балдәурен» тобының «Ана - асыл қазынам!» атты ертеңгілікті назарларыңызға ұсынамыз.

Қадір Мырза Әлі «Бәрі де, ана» өлеңі

Е.Раяна

Бәрі де ана

Бір өзіңнен басталды

Сен деп жаздым алғашқы өлең дастанды

Қуандым ба, өзің бар деп қуандым

Жыладым ба, өзің жоқ деп жас тамды

Бәрі де ана

Бір өзіңнен басталды

Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды

Еркелесем бір өзіңе еркелеп

Жасқандым ба

Тек өзіңнен жасқандым

Алғашқы дәм, ол да сендік сүт еді

Ақ сүт берген қашанда үміт күтеді

Отанымның өзінде сенен басталып

Жауларыма жеткен жерден бітеді.



Музыка әуенімен залға Көктем кіреді

Сәлеметсіңдер ме, балалар, құрметті аналар, әжелер! Бүгінгі 8-ші Наурыз Халық аралық әйелдер мерекесі құтты болсын! Баршаңызға тілеймін зор денсаулық, жұмыстарыңыз табысты болсын. Ана бақытын тілеймін.

Жүргізуші: Рахмет! Бізге қонақ болыңыз. Бүгін біздің балалар қонақтарға көптеген тосын сый дайындап қойды. Ал балалар, көктемге арнап дайындаған әнімізді айтып берейік

Ән: «Көктем келді»

Тақпақтар

Т.Раяна

Ақ сүтін берген анашым
Ақылды менің данашым
Өзіндей жанды әлемнен
Қайдан табамын анашым
Мейірім төккен баршаға
Онымен өмір қаншама
Анасыз өмір болама
Айтыңдаршы баршаң да
Мәди

Әлпештеген аялаған
Ақ сүт берген апатайым
Сәлем жазып бүгін саған
Мейрамын мен құттықтаймын,
Інжу
Менің анам ардақты
Алтыннан да салмақты
Жақсы көріп баласын
Мәпелейді анашым
Жақсылыққа шақырып
Жамандықтан тыяды
Мейіріммен тәрбиелеп
Иман нұрын құяды



Азалия

Өзің мені өсірген
Айналайын ақ әжем
Тентек болсам кешірген
Шөлдедіңбе дана әжем
Шай қайнатып келейін
Шекер салып жан әжем
Өзім құйып берейін
Балдай тәтті бал әжем

Жүргізуші:

Әр таңды бақытпенен атырамыз.
Өнерді ой көгінде бақылаңыз,
Отбасынан көмегін аямайтын
Ортаға жылдам да шапшаң, әкелерді шақырамыз.



Ойын: «Пып Пысық әкетайым» ойыны

Мерекелік кешімізде топтық сұлтан жігіттері сүйкімді қыздарымызды биге шақырады
Би : Вальс зонтикпен

Тақпақтар :

Акерке

Көктем келді тамаша
Далаға бір қараса
Бұлбұл құстар сайрайды
Күн шуағын төгеді
Менің туған жеріме
Тең келмейді ештеңе

Айзере

Көктем келсе табиғат құлпырады
Жүректерге ғажайып сыр тұнады
Гүлге толып айнала күн жарқырап
Жанарларда қуаныш нұр тұрады.

Ансарбек

Бақшаларға гүл егіп
Жемістерді тереміз
Дала жасыл түске еніп
Көктем мезгілі келіпті.



Аяулым

Көктем келді жеріме
Бақ әкелсін еліме
Күн күлімдеп көгімде
Шуақ щашсын төгіле

Аяла

Нұрды көрсен
Жапырақтан мөп-мөлдір
Күнді көрсен
Көкжиектен төккен нұр
Гүлді көрсен
Сұлулықтан өткен бір
Көктем бұл
Жерді көрсен
Жасыл иә көк теңбіл
Сеңді көрсен
Ағыстағы өткен жыл
Селді көрсен
Ағып жатқан өктем бір
Көктем бұл.



Көрініс: Таңертеңмен бір сұлу қыз суға келеді.

Жүргізуші:

Анам менің - аялаған ақ гүлім
Анам менің - бақытым мен шаттығым деп балалар аналарын ортаға шақырады

Ойын: «ана мен бала »

Жүргізуші:

Аналарымызға, әжелерімізге арналған әкелеріміздің ару қыздарымыздың бір сыйы бар екен. Қабыл алыңыздар!

Би: «Әке мен қыздар биі»

Арай

Аяулы ана қымбаттым
Ұйқыңды бөліп түн қаттың
Нәрін берді ақ сүтін
Құшағыңда гүл бақтың
Армандарға жетерміз
Құстай ұшып кетерміз
Ыстық құшақ анашым
Сізді бақытты етерміз

(балаларға гүл таратылады)



Ән: «Аяулы анашым»

Жүргізуші:

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Дендеріңіз сау болсын!

Отбасы аман болсын!

Жүздеріңізден күлкі кетпесін!

Хормен: Құттықтаймыз!

Сыйлықтар береді.

Жүргізуші:

Бүгінгі біздің ертеңгілік соңына жетті. Мереке құтты болсын! Сау болыңыздар!

